

Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережесін бекіту туралы

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 6-21-132 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылды 22 қарашада № 4389 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ұйғыр аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Манапова Арзигуль Гопуровнаға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Н. Болатұлы

Н. Есжан

Ұйғыр аудандық мәслихатының 2017 жылғы "03
" қарашадағы № 6-21-132 шешімімен бекітілген
қосымша

Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін айқындайды.

2. Ұйғыр ауданының Құрмет грамотасы (бұдан әрі - Құрмет грамотасы) маңызды моральдық ынталандыру, азаматтардың жемісті қызметін қоғамның мойындауын білдіру болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сактаудағы,

әскери және мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық, мемлекеттік, қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградталады.

2. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

4. Ұйғыр ауданы әкіміне наградтауға ұсынысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, еңбек ұжымдары және басқа да ұйымдар енгізеді.

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы қолдау хат тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туылған күнін, жұмыс орнын (жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және қолдау хат енгізілген күндегі атқаратын лауазымының толық атауын көрсете отырып), білімі туралы мәліметтерді, еңбек қызметі туралы, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

6. Дұрыс рәсімделмеген және наградтауға дейін он жұмыс күннен кем мерзімде келіп түскен қолдау хат Ұйғыр ауданы әкімінің қарауына қабылданбайды.

7. Кезекті наградаға ұсыну алдыңғы наградттау күннен бастап бес жыл өткен соңғана мүмкін.

8. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі.

Құрмет грамотасын Ұйғыр ауданының әкімі тапсырады, сондай-ақ Ұйғыр ауданы әкімінің атынан және оның тапсыруы бойынша Құрмет грамотасын Ұйғыр ауданының әкімі уәкілдік берген басқа да тұлғалар тапсыра алады.

9. Құрмет грамотасына Ұйғыр ауданы әкімінің қолы қойылады.

10. Құжаттарды жүргізуі және есепке алууды Ұйғыр ауданы әкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.

11. Құрмет грамотасының тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы жасалады, награданы тапсырған тұлғаның қолы қойылады және награданы тапсырған органның мөрімен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде Ұйғыр ауданы әкімі аппаратына жолданады.